

Сот сараптамасы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 12 қарашадағы N 188 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 20 қаңтардағы № 240-IV Заңымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР 2010.01.20 № 240-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 51-б. қараңыз) Заңымен.

МАЗМҰНЫ

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

сот сараптамасы - шешілуі үшін маңызы бар жағдаяттарды белгілеу мақсатында, арнаулы ғылыми білім-білік негізінде жүргізілетін қылмыстық, азаматтық немесе әкімшілік істердің материалдарын зерттеу;

сот-сараптама қызметі - арнаулы ғылыми білім-білік негізінде қылмыстық, азаматтық және әкімшілік процестің не аралық сотта, төрелікте іс қараудың қатысушысы болып табылатын адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында сот сараптамасын ұйымдастыру мен жүргізу жөніндегі қызмет;

сот сарапшысы - сот, тергеуші, жауап алушы сот сараптамасын жүргізуді тапсырған істің нәтижесіне мүдделі емес, арнаулы ғылыми білім-білігі бар адам;

сот сарапшысының қорытындысы - Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен ресімделген, сот сараптамасын тағайындаған адам не азаматтық процестің тарабы сот сарапшысының алдына қойған мәселелер бойынша негізделген қорытындылар;

сот сараптамасы органдары - Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сараптама қызметін жүзеге асыру жөніндегі функциялар жүктелген мемлекеттік мекемелер.

Ескерту. 1-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.28. N 24 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2 баптан қараңыз), 2005.05.20. N 51 , 2007.01.12. N 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-бап. Сот сараптамасы туралы заңдар

Қазақстан Республикасының сот сараптамасы туралы заңдары Конституцияға негізделеді және Қазақстан Республикасының осы Заңынан, өзге де нормативтік құқықтық актілерінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бекіткен тиісті халықаралық шарттардан тұрады.

2-тарау. СОТ САРАПТАМАСЫ

3-бап. Сот сараптамасының принциптері

Сот сараптамасы мынадай принциптерге:

- 1) заңдылыққа;
- 2) сот сарапшысының іс жүргізу тәуелсіздігіне;
- 3) сот сараптамасы органдарының тәуелсіздігіне;
- 4) зерттеулерді жүргізу құралдары мен әдістерінің ғылыми негізділігіне;
- 5) құзыреттілікке, жан-жақтылыққа, толықтыққа және объективтілікке;
- 6) кәсіби этиканы сақтауға негізделеді.

4-бап. Сот сараптамасы органдары

Сот сараптамасын:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамасы орталығы мен оның аумақтық бөлімшелері;

2) Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органының Сот медицинасы орталығы мен оның аумақтық бөлімшелері;

3) Қазақстан Республикасының заңдарымен қылмыстық қудалау функциясы жүктелген мемлекеттік органдардың және ұйымдардың бөлімшелерінен басқа функциясына Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сот сараптамасын жүргізу жатқызылған мемлекеттік органдардың мамандандырылған бөлімшелері енетін сот сараптамасы мемлекеттік мекемелерінің жүйесі жүзеге асырады.

Ескерту. 4-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2000.05.05. N 47 , 2005.05.20. N 51 Заңдарымен.

5-бап. Сот сараптамасы органдарының сот-сараптама қызметінің мазмұны

Сот-сараптама қызметінің мазмұны мыналарды:

- 1) сот сараптамасы органдарының қызметін ұйымдастыруды;
- 2) қылмыстық, азаматтық не әкімшілік істер бойынша сот сараптамасын жүргізуді;
- 3) сот сараптамасы саласындағы ғылыми зерттеулерді;
- 4) сот сараптамасын ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді;
- 5) сот сарапшыларын іріктеуді, кәсіби даярлау мен олардың біліктілігін арттыруды қамтиды.

6-бап. Сот сараптамасын жүргізудің тәртібі

1. Сот сараптамасын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен арнайы уәкілеттік берілген субъект - сот сарапшысы жүргізеді.

2. Сараптамалық зерттеудің нәтижелері бойынша сарапшының қорытындысы ресімделеді.

7-бап. Сот сарапшысының қорытындысы

1. Қажетті зерттеулер аяқталған соң алынған нәтижелерді ескере отырып, сот сарапшысы /сарапшылары/ өз атынан дәлелдемелі жазбаша қорытынды жазады, оны өзінің қолымен, жеке мөрімен куәландырады және сот сараптамасын тағайындаған органға (адамға) жолдайды. Сот сараптамасын сот сараптамасы органының қызметкері болып табылатын сот сарапшысы жүргізген жағдайда, сот сарапшысының (сарапшыларының) қолы көрсетілген органның мөрімен расталады.

2. Сот сарапшысы қорытындысын ресімдеу тәртібі мен оның құрылымы Қазақстан Республикасының заңдарымен айқындалады.

8-бап. Сот сараптамасының түрлері

1. Сот сараптамасының түрлеріне бастапқы, комиссиялық, кешенді, қосымша және қайталама сараптамалар жатады.

2. Комиссиялық сараптама - бір мамандықтағы сот сарапшыларының комиссиясы жүргізетін сот сараптамасы.

3. Кешенді сараптама - егер іс үшін маңызы бар жағдаяттарды анықтау үшін білімнің түрлі салаларының негізінде зерттеу қажет болған жағдайларда, әртүрлі мамандықтағы сот сарапшыларының комиссиясы жүргізетін сот сараптамасы.

4. Қосымша сараптама - алдыңғы сараптаманың нәтижелері бойынша сарапшының қорытындысы жеткілікті дәрежеде анық болмаған не сот сарапшысы өзінің алдына қойылған мәселелерді толық шешпеген не алдыңғы зерттеумен байланысты қосымша мәселелерді шешу қажет болған жағдайларда жүргізілетін сот сараптамасы.

5. Қайталама сараптама - алдыңғы сараптаманың нәтижелері бойынша сарапшының қорытындысы жеткілікті негізделмеген не оның дұрыстығы күмән тудыратын, не сараптама жүргізудің іс жүргізу нормалары елеулі түрде бұзылғанда жүргізілген сот сараптамасы.

9-бап. Көзі тірі адамдарға сот сараптамасы

1. Көзі тірі адамдарға сот сараптамасы тиісті сарапшылық зерттеулер жүргізу үшін қажетті жағдайлар болған кезде, сондай-ақ сарапшылық зерттеу жүргізілетін адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауды қамтамасыз ету шартымен жүзеге асырылады.

2. Көзі тірі адамдарға сот сараптамасын жүргізу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

3-тарау. СОТ САРАПШЫСЫ

10-бап. Сот сараптамасын жүргізу тапсырылуы мүмкін адамдар

1. Мыналар:

1) сот сараптамасы органдарының қызметкерлеріне;

2) лицензияның негізінде сот-сараптама қызметін жүзеге асыратын адамдарға

;

3) осы Заңның талаптарына сәйкес сот сараптамасын жүргізу бір жолғы тәртіппен өзге де адамдарға тапсырылуы мүмкін.

1-1. Бір жолғы тәртіппен сараптама жүргізу:

1) сараптама түрлерінің заңдарда белгіленген тізбесінде көзделмеген сараптама тағайындалған;

2) осы заңның 27-бабына сәйкес шет мемлекеттің сот сараптамасы саласындағы маман сарапшы ретінде тартылған;

3) сот сараптамасы органдарының қызметкерлері болып табылатын, сондай-ақ лицензия негізінде сот-сараптама қызметін жүзеге асыратын тиісті мамандықтағы барлық сарапшыларға қарсылық қанағаттандырылған не осы адамдар және тұтас алғанда тиісті сот сараптамасы органы сараптама жүргізуден дәлелді себептермен шеттетілген жағдайларда тапсырылуы мүмкін.

2. Сот сарапшысының жоғары білімі және сот сараптамасының белгілі бір түрі саласында арнаулы ғылыми білігі болуы тиіс.

Осы баптың 1-тармағының 1), 2)-тармақшаларында көрсетілген адамдардың белгілі бір түрдегі сот сараптамасын жүргізу құқығына арналған біліктілік к у ә л і г і б о л у ы т и і с .

Осы баптың 1-тармағының 2)-тармақшасында көрсетілген адамдардың сот-сараптама қызметін жүргізу құқығына лицензиясы болуға тиіс.

3 . М ы н а а д а м д а р ғ а :

1) заңмен белгіленген тәртіпте іс-әрекет қабілеті шектеулі және іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған;

2) бұрын сотталған;

3) сот-сараптама қызметін жүзеге асыруға байланысты лауазымнан келеңсіз себептер бойынша босатылған адамдарға сот сараптамасын тапсыруға болмайды.

Адамға сот сараптамасын жүргізуді тапсыру мүмкіндігін болдырмайтын өзге де жағдаяттар Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу , азаматтық іс жүргізу заңдарында не әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңдарында көзделген.

4. Адамды сот сарапшысы етіп тағайындау рәсімі осы Заңмен айқындалады.
Ескерту. 10-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2000.05.05. N 47 , 2001.11.06. N 251 , 2005.05.20. N 51 Заңдарымен.

11-бап. Сот сарапшысының міндеттері

Сот сарапшысы:

1) Қазақстан Республикасының заңдарымен уәкілеттік берілген орган (адам) өзінің алдына қойған мәселелер бойынша ғылыми негізделген және объективті қорытынды беруге;

2) егер қойылған мәселелер оның арнаулы білімінің шегінен шығатын немесе ұсынылған материалдар қорытынды беру үшін жеткіліксіз болған жағдайларда қорытынды беруден бас тартуға;

3) зерттеу әдістерін таңдау кезінде сараптама объектілерінің барынша сақталу талабын ескеруге;

4) оны шақырушы қылмыстық, азаматтық не әкімшілік процесс жүргізуші органға (адамға), сондай-ақ қылмыстық немесе азаматтық процестің тарабына шығыстардың сметасы мен келтірілген шығыстар туралы есеп ұсынуға;

5) қылмыстық, азаматтық не әкімшілік процестерді жүргізуші органның (адамның) шақыруы бойынша процеске қатысушыларға қорытындыны табыс ету үшін келуге; олардың сұрақтарына жауап беруге, сондай-ақ қорытындының мазмұнын түсіндіруге;

6) қылмыстық, азаматтық не әкімшілік процесті жүргізуші органға (адамға) оның біліктілігін растайтын құжаттарды ұсынуға;

7) қылмыстық, азаматтық немесе әкімшілік процестерді жүргізуші органның (адамның), сондай-ақ тараптардың талап етуі бойынша соттың отырысында өзінің кәсіптік тәжірибесі мен іс бойынша іс жүргізуге қатысушы адамдармен қарым-қатынасы туралы хабарлауға; егер ол көрсетілген адамдармен әлдеқандай қарым-қатынаста болған жағдайда қорытынды беруден бас тартуға;

8) оның қатысуымен жүргізілген тергеу қызметі және осы ретте анықталған жағдаяттар туралы мәліметтерді, сондай-ақ жабық сот отырысының деректерін, сондай-ақ мемлекеттік коммерциялық немесе өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын, жеке өмірге қол сұғылмаушылықты қозғайтын жағдаяттар туралы өзіне мәлім болған деректерді жария етпеуге міндетті.

12-бап. Сот сарапшысының құқықтары

Сот сарапшысының:

1) қорытынды беру үшін қажетті объектілер, оның ішінде салыстырмалы зерттеу үшін үлгілер алуға;

2) қылмыстық, азаматтық не әкімшілік процесті жүргізуші органның (адамның) рұқсатымен сараптаманың мәніне қатысты істің материалдарымен танысуға және қорытынды беру үшін қажетті мәліметтерді көшіріп алуға;

3) қылмыстық, азаматтық не әкімшілік процесті жүргізуші органның (адамның) рұқсатымен іс жүргізу әрекетіне қатысуға және оған қатысушыларға сот сараптамасының мәніне қатысты сұрақтар қоюға;

4) сараптаманы тағайындаған органның (адамның) келісімі бойынша оның алдына қойылған мәселелер жөнінде ғана емес, өз құзыретінің шегінде сот сарапшысының бастамашылығы бойынша белгіленген өзге де жағдаяттар бойынша да қорытынды беруге;

5) сот пен процеске қатысушылардың назарын сараптаманың мәніне, соның ішінде сарапшыға сұрауларды тұжырымдауға байланысты жағдаяттарға аударуға ;

6) өзі қатысқан іс жүргізу әрекетінің хаттамасымен, сондай-ақ сот отырысы хаттамасының тиісті бөлігімен танысуға және оның қызметінің толықтығы мен дұрыстығына қатысты хаттамаға енгізілуге тиіс ескертпелер жасауға;

7) іс жүргізу кезіндегі шығыстарға және қылмыстық, азаматтық және әкімшілік процесті жүргізуші органның (адамның) заңсыз іс-әрекетінен келтірілген залалға өтем алуға;

8) егер өзінің қызметтік міндеті болып табылмайтын болса, орындаған жұмысы үшін сыйақы алуға құқығы бар;

13-бап. Сот сарапшысының жауапкершілігі

Сот сарапшысы өз міндеттерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіптік, материалдық, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

14-бап. Сот сарапшысы тәуелсіздігінің және оның қорытындысының дұрыстығымен кепілдіктері

1. Сот сарапшысының тәуелсіздігіне:

1) Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу , азаматтық іс жүргізу заңдарында және әкімшілік тәртіп бұзушылықтар туралы заңдарында көзделген сот сараптамасын тағайындау тәртібімен;

2) сараптамалық зерттеу жүргізуге және сарапшының қорытындысын дайындауға араласуға тыйым салумен кепілдік беріледі.

2. Сот сарапшысы қорытындысының дұрыстығына:

1) комиссиялық, кешенді, қосымша және қайталама сот сараптамасын тағайындау мүмкіндігімен;

2) сот сарапшысын іріктеу, оларды кәсіптік даярлау және біліктілігін арттыру жүйесін құрумен;

3) сот сарапшыларын аттестациялау және лицензиялау жүйесімен;

4) сот сараптамасы ісін жүргізуді тиісті материалдық-техникалық қамтамасыз етумен;

5) сарапшының көрінеу жалған қорытынды бергені үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылатындығымен кепілдік беріледі.

15-бап. Сот сарапшысының біліктілік куәлігі

1. Сараптаманың белгілі бір түрін жүргізу құқығына арналған сот сарапшысының біліктілік куәлігі біліктілік емтиханын тапсырған адамдарға беріледі.

2. Сараптаманың белгілі бір түрін жүргізу құқығына сот сарапшысының біліктілік куәлігін тиісінше Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің немесе Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органының біліктілік комиссиясы береді. V053784

Біліктілік комиссиясының қызмет тәртібі мен құрамын тиісінше Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі немесе Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органы айқындайды .

Ескерту. 15-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2000.05.05. N 47 , 2005.05.20. N 51 Заңдарымен.

16-бап. Сот сарапшысын аттестациялау

Кәсіптік даярлығының деңгейін анықтау мақсатында тиісінше Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің немесе Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органының Аттестациялық комиссиясы сот сарапшыларын әрбір бес жыл сайын аттестациялаудан өткізуге тиіс. V053784

Аттестациялық комиссияның қызмет тәртібі мен құрамын тиісінше Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі немесе Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органы айқындайды .

Ескерту. 16-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2005.05.20. N 51 Заңымен.

17-бап. Сот-сараптама қызметін лицензиялау

1. Сот-сараптама қызметін лицензиялау Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Нақты тұлғалардың ғана сот-сараптама қызметі лицензиялануға тиіс.

Ескерту. 17-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2000.05.05. N 47 , 2007.01.12. N 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

18-бап. Сот сарапшыларының мемлекеттік тізілімі

1. Сот сараптамасы органдарының қызметкерлері болып табылатын, сот-сараптама қызметін жүзеге асыратын, сондай-ақ сот-сараптама қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алған адамдар қалыптастыру мен пайдалану мақсаттары мен тәртібін Қазақстан Республикасы Үкіметі бекітетін ережелермен айқындалатын Сот сарапшыларының мемлекеттік тізіліміне енгізіледі.

2. Анықтау, алдын ала тергеу органдары мен соттар сараптама жүргізуді, осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, Сот сарапшыларының мемлекеттік тізіліміне енгізілген мамандарға тапсыруы тиіс.

Ескерту. 18-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2000.05.05. N 47 Заңымен.

4-тарау. СОТ-САРАПТАМА ҚЫЗМЕТІНІҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖӘНЕ ОҚУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

19-бап. Сот-сараптама қызметін ғылыми-әдістемелік және оқумен қамтамасыз ету

1. Сот-сараптама қызметін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету, сондай-ақ сот сарапшыларын кәсіптік даярлау мен олардың біліктілігін арттыру Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамасы орталығы мен Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органының Сот медицинасы орталығына жүктеледі.

2. Меншік нысандарына қарамастан, ұйымдар Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамасы орталығына және Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органының Сот медицинасы орталығына оларда сот сараптамасы мен сот медицинасының бірыңғай ақпараттық-әдістемелік базасын құру үшін олардың сұрауы бойынша өз өнімдерінің үлгілерін немесе каталогын, техникалық және технологиялық құжаттамаларды және ақпараттық мәні бар басқа да материалдарды береді. Бұл ретте Сот сараптамасы мен сот медицинасы орталықтары алынған мемлекеттік құпиялар, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын құпия құрайтын мәліметтердің жария болмауын қамтамасыз етеді.

3. Сот сараптамасы органдары іс бойынша жұмыс аяқталған соң ғылыми, практикалық және әдістемелік қызметтерге пайдалану үшін соттар мен құқық қорғау органдарынан өздерінің сұрау салуы бойынша заттай айғақ болып табылатын заттарды алуға хакылы.

Ескерту. 19-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2000.05.05. N 47 Заңымен.

2 0 - б а п .

Ескерту. 20-бап алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 Заңымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді).

5-тарау. СОТ-САРАПТАМА ҚЫЗМЕТІН ҚАРЖЫЛЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК, МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

21-бап. Сот сараптамасын жүргізуді материалдық-техникалық қамтамасыз етудің стандарттары мен талаптары

Сот сараптамасы өз қызметін сот сараптамасы органдарының ұсыныстары бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін стандарттар мен талаптарға сәйкес арнайы жабдықталған үй-жайлар болғанда жүзеге асыра алады .

22-бап. Сот-сараптама қызметін қаржыландыру

Сот сараптамасы органдарында қылмыстық, азаматтық істер және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша сот сараптамаларын жүргізуді қаржыландыру Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамасында және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады .

Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасында көзделген, соттың дәлелді ұйғарымымен расталған негіздемелер болған жағдайлардан басқа кезде, сот сараптамасы органдарында азаматтық істер бойынша сот сараптамаларын жүргізуге ақы төлеуді тараптар жүзеге асырады және алдын ала төлеу нысанында тиісті бюджетке енгізіледі.

Мамандандырылған зерттеулер жүргізу, сондай-ақ білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін бағдарламаларға кірмейтін ғылыми және ғылыми-әдістемелік зерттеулер жүргізу үшін ақы төлеу алдын ала төлеу нысанында тиісті бюджетке енгізіледі.

Ескерту. 22-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.07.05. N 165 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

23-бап.

Ескерту. 23-бап алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 Заңымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді).

24-бап. Сот-сараптама қызметін жүзеге асыратын адамдарды әлеуметтік, материалдық қамтамасыз ету

1. Сот-сараптама қызметін жүзеге асыратын, сот сараптамасы органдарының қызметкерлері болып табылатын адамдардың еңбегіне ақы төлеу және оларды әлеуметтік қорғау жағдайлары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес а й қ ы н д а л а д ы .

2 . а л ы п т а с т а л д ы

3. алып тасталды

4. Сарапшыларды зейнетақымен қамсыздандыру Қазақстан Республикасының зейнетақы заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 24-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 , 2007.05.15. N 253 Заңдарымен.

6-тарау. СОТ САРАПТАМАСЫ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮНТҮМАҚТАСТЫҚ

25-бап. Сот сараптамасы саласындағы халықаралық үнтымақтастық

Сот сараптамасы органдары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шет мемлекеттердің сот-сараптама қызметін жүзеге асыратын органдарымен және қызметтерімен бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу, ғылыми және әдістемелік ақпараттар алмасу, сот сарапшыларын даярлау мақсатымен халықаралық байланыстар орнатуға хақылы.

26-бап. Шет мемлекет мемлекеттік органының тапсыруы бойынша сот сараптамасын жүргізу

Сот сараптамасы Қазақстан Республикасы тиісті халықаралық келісім жасасқан шет мемлекет мемлекеттік органының тапсыруы бойынша жүргізілуі мүмкін. Бұл жағдайда, егер халықаралық келісімде өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының заңдары қолданылады.

27-бап. Шет мемлекеттің сот сарапшыларын тарта отырып, сот сараптамасын жүргізу

1. Қылмыстық, азаматтық не әкімшілік процесс жүргізуші орган /адам/ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен шет мемлекеттің сот сараптамасы саласындағы мамандарын тартуға хақылы.

2. Сот сараптамасы органы басшысының сараптаманы тағайындаған органның /адамның/ келісуі бойынша жүзеге асырылатын шет мемлекет сот сарапшысын тарту құқығы болады.

3. Шет мемлекет сот сарапшысының қатысуымен сот сараптамасын жүргізу Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу , азаматтық іс жүргізу заңдарына не әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

7-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

28-бап. Осы Заңды күшіне енгізу тәртібі

Осы Заңның 4-бабының 3)-тармақшасы 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Президенті

Қазақстан Республикасының

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК